Қаржы пирамидаларының жұмыс істеу механизмі үнемі өзгеріп отырады, бұл құқық қорғау органдарының қызметіне жаңа талаптар қояды. Тергеу үдерісінде банк операцияларын сараптау, электрондық транзакцияларды зерттеу, ақпараттық технологияларды қолдану секілді тәсілдер кеңінен пайдаланылады. Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және тергеушілердің біліктілігін арттыру маңызды рөл атқарады.

Мақалада қаржы пирамидаларын тергеу барысында кездесетін негізгі қиындықтар талданып, оларды шешудің ықтимал жолдары қарастырылған. Құқық қорғау органдарының тиімді жұмыс істеуі үшін кешенді тәсіл қажет, оның ішінде алдын алу шараларын күшейту және азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру да аса маңызды.

Қазақстан Республикасында қаржы пирамидаларына қарсы күрес жүргізу үшін заңнамалық негіз қалыптасқан. Қылмыстық кодекстің 217-бабында қаржы (инвестициялық) пирамидаларын құру және басқару үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Дегенмен, заңнаманы жетілдіру және оның тиімділігін арттыру қажеттілігі сақталуда.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында қаржы пирамидалары мәселесіне ерекше тоқталып, олардың кең таралуына алаңдаушылық білдірді. Ол Бас прокуратураға қаржы пирамидаларына қарсы күрес жөнінде кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары мен қаржы реттеушілерінің үйлесімді әрекет етуі және халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың маңыздылығы атап өтілді.

Қаржы пирамидаларына қарсы күресті күшейту үшін заңнамалық шараларды жетілдірумен қатар, қылмыстық құдалау органдарының әлеуетін арттыру, жедел-іздестіру шараларын тиімді ұйымдастыру және халық арасында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Түйін сөздер: қаржы пирамидасы, қылмыстық жауаптылық, тергеу ерекшеліктері, экономикалық құқық бұзушылық, заңнамалық өзгерістер.

ПРАВОВОЕ РАССМОТРЕНИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В СФЕРЕ ФИНАНСОВЫХ ПИРАМИД

Хакимов Е.М.
доктор философии (PhD)
Академия управления МВД Республики Казахстан, г. Астана
Қуанышбекқызы Г.
магистрант
Костанайская академия МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности расследования уголовных дел в отношении финансовых пирамид в Республике Казахстан. В последние годы все большее число подобных мошеннических схем представляет серьезную угрозу финансовой безопасности граждан. В ходе расследования выполняются сложные задачи, такие как сбор доказательств, контроль финансовых потоков, выявление подозреваемых и привлечение их к ответственности.

Механизм функционирования финансовых пирамид постоянно меняется, что предъявляет новые требования к деятельности правоохранительных органов. В процессе расследования широко используются такие подходы, как экспертиза банковских операций, исследование электронных транзакций, использование информационных технологий. Кроме того, немаловажную роль играет совершенствование уголовно-процессуального законодательства и повышение квалификации следователей.

В статье проанализированы основные трудности, с которыми мы сталкиваемся при изучении финансовых пирамид, и рассмотрены возможные пути их решения. Для эффективной работы правоохранительных органов необходим комплексный подход, в том числе усиление профилактических мер и повышение финансовой грамотности граждан.

В Республике Казахстан сложилась законодательная основа для борьбы с финансовыми пирамидами. Статья 217 Уголовного кодекса предусматривает уголовную ответственность за создание и управление финансовыми (инвестиционными) пирамидами. Однако сохраняется необходимость совершенствования законодательства и повышения его эффективности.

Президент Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана 2021 года особо остановился на вопросах финансовых пирамид и выразил обеспокоенность по поводу их широкого распространения. Он поручил Генеральной прокуратуре разработать комплекс мер по борьбе с финансовыми пирамидами. Кроме того, подчеркнута важность слаженного действия правоохранительных органов и финансовых регуляторов и повышения финансовой грамотности населения.

Для усиления борьбы с финансовыми пирамидами наряду с совершенствованием законодательных мер необходимо повышение потенциала органов уголовного преследования, эффективная организация оперативно-розыскных мероприятий и проведение широкомасштабной информационно-разъяснительной работы среди населения.

Ключевые слова: финансовая пирамида, уголовная ответственность, особенности расследования, экономическое правонарушение, законодательные изменения.

LEGAL REVIEW AND PRACTICAL ANALYSIS OF CRIMINAL OFFENSES IN THE SPHERE OF FINANCIAL PYRAMIDS

Khakimov Ye.M.
Doctor of Philosophy (PhD)
Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Astana
Kuanyshbekkyzy G.
master's degree student
Kostanay Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh. Kabylbayev

Annotation. This article discusses the specifics of the investigation of criminal cases against pyramid schemes in the Republic of Kazakhstan. In recent years, an increasing number of such fraudulent schemes pose a serious threat to the financial security of citizens. During the investigation, complex tasks are performed, such as collecting evidence, monitoring financial flows, identifying suspects and bringing them to justice.

The mechanism of functioning of financial pyramids is constantly changing, which places new demands on the activities of law enforcement agencies. Such approaches as the examination of banking transactions, the study of electronic transactions, and the use of information technology are widely used in the investigation process. In addition, the improvement of criminal procedure legislation and advanced training of investigators play an important role.

The article analyzes the main difficulties that we face when studying financial pyramids, and discusses possible ways to solve them. Effective work of law enforcement agencies requires an integrated approach, including strengthening preventive measures and improving financial literacy of citizens.

The Republic of Kazakhstan has established a legislative framework for combating financial pyramids. Article 217 of the Criminal Code criminalizes the creation and management of financial (investment) pyramids. However, there remains a need to improve legislation and increase its effectiveness.

In his Address to the People of Kazakhstan in 2021, President Kassym-Jomart Tokayev highlighted the issues of pyramid schemes and expressed concern about their widespread spread. He instructed the Prosecutor General's Office to develop a set of measures to combat financial pyramids. In addition, the importance of coordinated action by law enforcement agencies and financial regulators and improving financial literacy of the population was emphasized.

In order to strengthen the fight against financial pyramids, along with improving legislative measures, it is necessary to increase the capacity of criminal prosecution authorities, effectively organize operational search activities and conduct large-scale awareness-raising activities among the population.

Keywords: financial pyramid, criminal liability, investigation specifics, economic offense, legislative amendments.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету мәселесі соңғы жылдары ерекше маңызға ие болуда. Азаматтардың тез пайда табуға деген ниетін пайдаланатын алаяқтық схемалар қоғамда ғана емес, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне де айтарлықтай зиян келтіреді. Осы мақалада қаржы пирамидасын құру және басқару әрекеттерінің құқықтық реттелуіне, оның ішінде 1997 жылғы және 2014 жылғы жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі (әрі қарай - ҚК) өзгерістер мен толығуларға, сондай-ақ тергеу амалдарын жүргізу ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Негізгі бөлім

2021 жылғы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы пирамидалары мен алаяқтыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін ерекше атап өтті. Ол азаматтардың алаяқтық қылмыстарының көбеюіне байланысты наразылығы орынды екенін атап өтіп, Бас прокуратураға қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар, қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін де назардан тыс қалдырмау қажеттігін баса айтты.

Бұл тапсырмалар қаржылық қылмыстардың алдын алу және азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында құқық қорғау органдарының жауапкершілігін күшейтуге бағытталған [1].

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «қаржылық (инвестициялық) пирамида» ұғымына арнайы қылмыстық жауаптылық көзделген дербес бап болмаған еді. Мұндай іс-әрекеттер, әдетте, «алаяқтық» бабымен (1997 жылғы ҚК-нің 177-бабы) сараланып келді. Алаяқтық құрамына адамдардың мүлкіне немесе мүлікке құқығына қол сұғу, алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы пайда табу секілді құқыққа қайшы әрекеттер кіргенімен, қаржы пирамидасының өзіндік ерекшеліктерін толығымен ашуға жеткіліксіз болды.

Тек 2014 жылы Қазақстан Республикасында қаржы пирамидаларына қарсы қатаң шараларды реттейтін арнайы заң қабылданып, ҚК-ке тиісті бап енгізілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 166-V ЗРК «Қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданып, соның негізінде ҚК-ке 177-1-бап (Қаржы (инвестициялық) пирамидасын құру және (немесе) оған басшылық ету) қосылды. Бұл бап қаржы пирамидасының мәнін анықтай отырып, оны құруға және басқаруға тыйым салатын нақты нормаларды белгіледі.

1997 жылғы ҚК-тің 177-1-бабының 1-бөлігі қаржы (инвестициялық) пирамидасын немесе оның құрылымдық бөлімшесін құру, сонымен қатар оған басшылық еткені үшін қылмыстық жауаптылық қарастырды. Жаза шарасы ретінде 1 мың айлық есептік көрсеткіштен (әрі қарай - АЕК) 3 мың АЕК-ке дейін айыппұл салу не үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген (немесе шектелуі) және мүлікті тәркілеу мүмкіндігі қоса қарастырылған.

Ал 2-бөлігінде көрсетілген іс-әрекеттер, егер топ боп алдын ала сөз байласу арқылы жасалса, не қайталанса, не қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалана отырып жасалса немесе ірі мөлшерде ақша қаражатын тарта

отырып жасалса, жаза қатаңдатылатын. Мұндай жағдайда үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру (мүлікті тәркілеумен) және белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру шаралары қамтылған.

Алайда, 3-бөлігінде көрсетілгендей, егер қылмыстық топ жасаса, не ірі мөлшерде қаржы тартылса, не мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті адамның немесе соған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін теріс пайдалана отырып жасалса, бес жылдан он екі жылға дейін бас бостандығынан айыру, мүлікті тәркілеу, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе қызметпен шұғылдану құқығынан айыру жазасы қолданылатын. Бұл норманың басты ерекшелігі – қаржылық пирамиданың жасалу тетіктерін анықтау мен оған қатысқандарды қылмыстық жауапқа тартудың нақты ережелері белгіленді [2].

Заңның мәтінінде арнайы ескертпелер де қарастырылған. Мысалы, «қаржылық (инвестициялық) пирамида» дегеніміз – бұл тартылған қаражат (немесе өзге де мүліктің, құқықтардың) нақты кәсіпкерлік қызметке инвестицияланбай, бір қатысушыларды екінші қатысушылардың жарналары есебінен байыту арқылы қаржы айналымын құрайтын жүйе екені байқалады. Осылайша, қаржы пирамидасының негізгі белгісі – нақты экономикалық қызметтің (тауар өндіру, қызмет көрсету) болмауы және алдын ала жиналған қаражаттың кейбір инвесторларға жоғары сыйақы төлеу үшін ғана пайдаланылуы болып табылады.

2014 жылғы ҚК қабылданғаннан кейін аталған қылмыс құрамына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қолданыстағы ҚК-де «Қаржылық (инвестициялық) пирамидасын құру және басшылық ету» туралы норма 217-бапқа орналастырылып, оның атауы «Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және басшылық ету» деп нақтыланды [3]. Бұрынғы «немесе» деген сөз алып тасталды, яғни баптың атауы біріздендірілді.

Ал, 217-баптың 1-бөлігінде қаржылық (инвестициялық) пирамида құру, яғни жеке және заңды тұлғалардың ақшасын немесе өзге мүлкін (не оған құқықты) тартып, оны нақты кәсіпкерлік қызметке салмай, бір қатысушылардың жарналарын келесі қатысушылардың инвестициясына қайта бөліп, кейбір инвесторларды басқалардың есебінен байыту жүйесін ұйымдастыру немесе басқару – қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Мұнда да 1 мың АЕК-тен 3 мың АЕК-ке дейін айыппұл салу немесе үш жылға дейін бас бостандығын шектеу, не бас бостандығынан айыру жазасы және мүлікті тәркілеу белгіленген.

Бұл, 217-баптың 2-бөлігіне сәйкес қылмыс егер топ боп алдын ала сөз байласу арқылы, қайталанған жағдайда, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану арқылы немесе ірі мөлшердегі қаражатты тарта отырып жасалса, үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыру, мүлікті тәркілеу және үш жылға дейін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы қолданылады.

Яғни, 217-баптың 3-бөлігінде қылмыстық топ құрылған жағдайда, ірі мөлшерде қаражат тартылған жағдайда немесе мемлекеттік қызметкер өз өкілеттігін теріс пайдаланып жасаған жағдайда, бес жылдан он екі жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлікті тәркілеу қарастырылған. Егер қылмыс мемлекеттік лауазымды адамның өкілеттігін теріс пайдаланып жасалса, онда жеті жылға дейін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және тіпті өмір бойы кейбір қызметтерге тыйым салу шаралары да қамтылады [3].

Баптың ескертпесінде ұйымдастырушы болып табылмайтын тұлғалар (яғни қаржылық пирамидаға көмектескендер), егер өз еркімен құқық қорғау органдарына келіп, қылмысты ашуға немесе оның әрекетін тоқтатуға белсенді түрде ықпал етсе және басқа қылмыс құрамын жасамаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылатыны көрсетілді. Бұл – тергеу кезінде сыбайластарды анықтау мен қылмыстық схеманы әшкерелеуді жеңілдету үшін енгізілген тиімді норма.

Қаржылық пирамидалар – қоғамға елеулі қауіп төндіретін күрделі қылмыстық құбылыс. Бұл мәселенің өзектілігін заң ғылымдарының кандидаты, кіші әділет кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының доценті А.М. Алибекова ерекше атап өтті. Өз зерттеулерінде:

«Қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен оның таралу ауқымын ескере отырып, ҚР ҚК-нің 217-бабындағы (Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және басқару) қылмыстық-құқықтық норманы жетілдіру бойынша шаралар қабылдау қажет. Қарастырылып отырған қылмыстың объективті жағы мынадай әрекеттердің жасалуымен сипатталады: қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру; қаржылық (инвестициялық) пирамиданың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін басқару», - деп жазған [4].

Бұл пікір қаржылық пирамидалармен күресудің маңыздылығын айқындайды.

Қаржылық пирамидаларға байланысты қылмыстық істерді жан-жақты, объективті және дәл тергеу үшін бірнеше маңызды міндеттерді шешу қажет. Бұл туралы заң ғылымдарының кандидаты Р.Р. Абдразяпов былай дейді:

«Қаржылық пирамидалар бойынша тергеуді тиімді жүргізу үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

- жеке және заңды тұлғалардың есепшоттарына тыйым салу;
- ұйымдар мен жеке тұлғаларға тиесілі жылжымайтын мүлікті анықтап, оған тыйым салу;
-қолма-қол ақша мен басқа да мүлікті анықтау мақсатында тінту жүргізу» [5].

Бұл ұсыныстар қаржылық пирамидаларға қатысты қылмыстық істердің тергеу сапасын арттыруға, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған активтерді анықтауға бағытталған.

Мемлекеттік органдардың мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы Қазақстанда қаржы (инвестициялық) пирамиданы құру және басшылық ету бойынша 63 қылмыстық іс, 2018 жылы - 103 іс қозғалды. Ал 2019 жылдың алғашқы жеті айында 14 қылмыстық іс тіркелген. Осы аралықта тергеу аяқталған қылмыстық істер бойынша келтірілген жалпы материалдық шығын 8,3 млрд теңгеден асты. Оның ішінде 2017 жылы – 6,341 млрд теңге, 2018 жылы – 1,863 млрд теңге, 2019 жылдың 8 айы ішінде – 147,8 млн теңге көлемінде анықталған. Алайда тәркіленген немесе өтелген соманың үлесі небәрі 5%-ке жуық болған [6].

Мәселен, 2015 жылы Қарағанды облысында «Atlantic Plus» деген жалған компания құрып, шетелде оқу мен жылжымайтын мүлік құрылысын қаржыландыруды сылтауратқан адамға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Осылайша, 339 азаматқа залал келтірілгені анықталып, айыпталушы 217-баптың 3-бөлігі 2-тармағына сәйкес 6 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Ал 2016 жылы «Appport» атты мобильді қосымша арқылы виртуалды валютаға инвестиция салуға үгіттеген Ж.К. есімді адамға қатысты іс тергеліп, ол да бірнеше жылға сотталды [6]. Осылайша, қаржы пирамидасы схемасының түрі көп болғанымен, олардың барлығы да шынайы экономикалық

негізсіз, азаматтарды алдау арқылы пайда табуға бағытталған.

Тағы бір мысал ретінде айтатын болсақ, 2020 жылға қарай Ақтөбе облысында «Гарант 24 Ломбард», «Estate Ломбард» және «Выгодный займ» сияқты ұйымдар арқылы ауқымды қаржы пирамидасы құрылғаны анықталып, оған мыңдаған азаматтар қаржы салған. Ұйым жетекшісі мен кейбір қызметкерлері шетелде тығылып жүріп, кейіннен экстрадицияланды. Тергеу барысында салымшыларға ай сайын 30-40% шамасында пайда береміз деген уәделер берілгені анықталды, алайда ешқандай нақты кәсіпкерлік әрекет болмаған. Келісімшарттарда азаматтардың қолдары қолдан жасалып, кейбір филиал басшыларының жеке деректері мүлде көрсетілмеген болып шықты [7].

Қаржы пирамидаларын тергеу кезіндегі негізгі қиындықтар және туындайтын мәселелер:

- қаржы пирамидасына мыңдаған азаматтар кіруі мүмкін, ал олардың кейбірі тек салымшы ғана емес, жақындарын, таныстарын тартатын белсенді тұлға болуы мүмкін, мұндай жағдайда ұйымдастырушыларды, басшыларды және қатардағы қатысушыларды анықтау тергеу кезінде күрделілік туғызады;

- көп жағдайда фирмалар бірнеше есепшот ашып, қаржыны әртүрлі бағытта аударып отырады, сонымен қатар мәмілелерді жасыру үшін жалған келісімшарттар, бухгалтерлік құжаттар жасалуы мүмкін;

- қазіргі кезде қаржы пирамидаларының кейбір ұйымдастырушылары электронды төлем жүйелерін немесе криптовалюталарды пайдаланады, мұнда қаржылық операцияларды қадағалау, нақты түскен табысты анықтау қиынға соғады;

- кей жағдайда пирамиданың ұйымдастырушылары шетелден әрекет етеді немесе шетел банктері арқылы аударым жасайды және тергеу барысында құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық келісімдерге сүйене отырып, басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жүргізу қажет болады, яғни бұл да уақытты ұзартатын фактордың бірі.

Қаржы пирамидасына қарсы күресті күшейту мақсатында заңнамалық түзетулер үнемі жетілдіріліп отырады. Мысалы, 2019, жылғы 27 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 292-VI ЗРК Заңы қабылданды [8]. Бұл заңмен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі бірқатар баптар қайта қаралып, кейбірі «сыбайлас жемқорлық қылмыстары» санатынан алынып тасталды.

Бұған дейін 2014 жылғы ҚК-нің 3-бабы 29-тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімі көрсетіліп, онда 217-баптың 3-бөлігі де сыбайлас жемқорлық қылмыс деп танылатын. Алайда 2019 жылғы өзгерістерден кейін 217-баптың 3-бөлігі («Қаржы (инвестициялық) пирамидасын құру және оған басшылық ету») сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тізімінен алынып тасталды [8].

Бұл өзгеріс пен тәжірибе келесі жағдайларда маңызды:

- біріншіден, қаржы пирамидаларының негізгі сипаты – азаматтардың мүлкіне заңсыз қол сұғу және экономикалық салада қылмыс жасау. Бұл қылмыстың ұйымдастырушысы мемлекеттік қызметті атқаруға уәкілетті тұлға болса да, қылмыстың табиғаты көбіне экономикалық алаяқтық сипатқа жақын;

- екіншіден, сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізімінен алып тастау тергеу мен сот талқылауының рәсіміне әсер етеді, сонымен қатар бұл қылмыс толықтай экономикалық құқық бұзушылық ретінде жіктеліп, оған сәйкес тергеу тәсілдері қолданылады.

Тергеу тактикасымен және дәлелдемелік базасына келетін болсақ келесіні қажет етеді:

- тергеу жоспарын құру қажет;
- қаржы қозғалысын талдау;
- жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу;
- сараптамалық зерттеулер жүргізу;
- халықаралық ынтымақтастық жасау.

Қаржы (инвестициялық) пирамидасын құру және оған басшылық ету қылмыстық әрекеттері елімізде соңғы жылдары кең етек алуда. Жеке тұлғалардың тез пайда табуға деген қалауын пайдалана отырып, ұйымдастырушылар көптеген азаматтарды ірі көлемде шығынға ұшыратады. Мұндай қылмыстарды тергеу барысында келесідей ұсыныстарды атап өткен жөн:

- азаматтарға қаржы пирамидаларының белгілері, салдары туралы тұрақты түрде ақпарат беру, бұқаралық ақпарат құралдарында және ғаламтор алаңдарында ескерту науқандарын жүргізу маңызды;

- тергеушілер мен мамандарды кәсіби даярлау, экономикалық қылмыстарды тергеуге бейімделген мамандарды даярлау, арнайы курстар өткізу – тергеу сапасын арттырады;

- халықаралық ынтымақтастықты дамыту, шетелге қашатын немесе шетел банктерін пайдаланатын ұйымдастырушыларды анықтау үшін халықаралық шарттар аясында жедел ақпарат алмасуды дамыту қажет;

- заңнаманы жетілдіру, қаржы пирамидаларының эволюциясына сәйкес заңнамалық нормалар да өзгеріп отыруы тиіс бұл электронды төлем жүйелері мен криптовалюталарды пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, ҚК және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне уақытылы түзетулер енгізу қажет.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қаржы пирамидалары – тек жеке азаматтарға емес, тұтас экономикалық жүйеге қауіп төндіретін күрделі қылмыстық құбылыс. Қазақстанда бұл мәселені шешуге бағытталған заңнамалық шаралар қабылданғанымен, алаяқтық схемалардың үнемі өзгеріп, жетілдіріліп отыруы құқық қорғау органдарының жұмысын қиындатады. Тергеу процесінде қылмыстық топтарды әшкерелеу, қаржы ағындарын талдау, халықаралық ынтымақтастықты күшейту сияқты кешенді шараларды жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, халықтың қаржылық сауатын арттыру мен жедел алдын алу шараларын күшейту маңызды. Заңнаманы заман талаптарына сай бейімдеп, тергеу әдістерін жетілдіру қаржы пирамидаларына қарсы күрестің тиімділігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555 (14.02.2025).

2 Қазақстан Республикасының Заңы. Қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2014 жылғы 17 қаңтарда қабылданды, № 166-V ҚРЗ.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: тәжірибелік құрал. – Алматы: «Норма – К» баспасы, 2015. – 240 б.

4 Алибекова А.А. Некоторые вопросы квалификации создания и руководства финансовой (инвестиционной) пирамидой // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. - 2019. - № 2 (12). – 47 б.

5 Абдразяпов Р.Р., Файзуллин Р.Р. Об отдельных аспектах расследования преступлений, связанных с деятельностью «финансовых пирамид» (на примере уголовного дела в отношении создателей и руководителей преступного сообщества, осуществлявших свою преступную деятельность от имени ООО «ДП») // Вестник Уральского юридического института МВД России. - 2022. - №3. – 94 с.

6 Финансовые пирамиды в Казахстане. 180 уголовных дел за последние три года // https://informburo.kz/stati/finansovye-piramidy-v-kazahstane-180-ugolovnyh-del-za-poslednie-tri-goda.html?ysclid=m8s9z3ufck672271817 (15.02.2025).

7 «Гарант 24» және «ESTATE» ломбардтары иелерінен 2 млрд теңге көлеміндегі мүлік тәркіленді // https://diapazon.kz/news/103808-u-vladelcev-finpiramid-garant-i-lombard-arestovali-imushestva-bolee-chem-na-2-mlrd tenge?ysclid=m8satguupo880817333(14.02.2025).

8 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды, № 292-VI ҚРЗ Заңы.

REFERENCES

1 Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn Kazakstan halkyna Zholdauy // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555 (14.02.2025).

2 Kazakstan Respublikasynyn Zany. Karzhylyk (investicijalyk) piramidalardyn kyzmetine karsy is-kimyl maseleleri bojynsha Kazakstan Respublikasynyn kejbir zannamalyk aktilerine ozgerister men tolyktyrular engizu turaly: 2014 zhylgy 17 kantarda kabyldandy, № 166-V KRZ.

3 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi: tazhiribelik kural. – Almaty: «Norma – K» baspasy, 2015. – 240 b.

4 Alibekova A.A. Nekotorye voprosy kvalifikacii sozdanija i rukovodstva finansovoj (investicionnoj) piramidoj // Kukyk korgau organdary akademijasynyn Zharshysy. - 2019. - № 2 (12). – 47 b.

5 Abdrazjapov R.R., Fajzullin R.R. Ob otdel'nyh aspektah rassledovanija prestuplenij, svjazannyh s dejatel'nost'ju «finansovyh piramid» (na primere ugolovnogo dela v otnoshenii sozdatelej i rukovoditelej prestupnogo soobshhestva, osushhestvljavshih svoju prestupnuju dejatel'nost' ot imeni OOO «DP») // Vestnik Ural'skogo juridicheskogo instituta MVD Rossii. - 2022. - №3. – 94 s.

6 Finansovye piramidy v Kazahstane. 180 ugolovnyh del za poslednie tri goda // https://informburo.kz/stati/finansovye-piramidy-v-kazahstane-180-ugolovnyh-del-za-poslednie-tri-goda.html?ysclid=m8s9z3ufck672271817 (15.02.2025).

7 «Garant 24» zhane «ESTATE» lombardtary ielerinen 2 mlrd tenge kolemindegi mulik tarkilendi // https://diapazon.kz/news/103808-u-vladelcev-finpiramid-garant-i-lombard-arestovali-imushestva-bolee-chem-na-2-mlrd tenge?ysclid=m8satguupo880817333(14.02.2025).

8 Kazakstan Respublikasynyn Zany. Kazakstan Respublikasynyn kejbir zannamalyk aktilerine kylmystyk, kylmystyk-procestik zannamany zhetildiru zhane zheke adam kukyktarynyn korgaluyn kushejtu maseleleri bojynsha ozgerister men tolyktyrular engizu turaly: 2019 zhylgy 27 zheltoksanda kabyldandy, № 292-VI KRZ Zany.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Ержан Маратович Хакимов - философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы ҒЗИ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі. Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/4. E-mail: erjik-1989@mail.ru.

Гүлсезім Қуанышбекқызы – Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 1 курс магистранты, полиция аға лейтенанты. Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Абай даңғ., 11. E-mail: 23qylia06@gmail.com.

Хакимов Ержан Маратович – доктор философии (PhD), заместитель начальника НИИ Академии управления МВД Республики Казахстан, подполковник полиции. Республика Казахстан, г. Астана, пр. Мангелик Ел, 55/4. E-mail: erjik-1989@mail.ru.

Қуанышбекқызы Гүлсезім - магистрант 1 курса Костанайской академии МВД Республики Казахстан им.Ш. Кабылбаева, старший лейтенант полиции. Республика Казахстан, г. Костанай, пр. Абая, 11. E-mail: 23qylia06@gmail.com.

Yerzhan Khakimov - Doctor of Philosophy (PhD), Deputy Head of the Research Institute of the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Police Lieutenant Colonel. Republic of Kazakhstan, Astana, Mangelik El Ave., 55/4. E-mail: erjik-1989@mail.ru.

Gulsezim Kuanyshbekkyzy – master's degree student of the Kostanay Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh. Kabylbayev, Senior Police Lieutenant. Republic of Kazakhstan, Kostanay, Abai ave. 11. E-mail: 23qylia06@gmail.com.

«ҒЫЛЫМ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНДА ЖАРИЯЛАНАТЫН МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МАҚАЛАНЫ ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ШАРТТАР:

- мақалада бұрын-соңды жарияланбаған және басқа басылымдарда жариялауға арналмаған, «Құқық» мамандығы саласындағы өзіндік ғылыми зерттеулердің нәтижелері қамтылуы тиіс. Ғылыми мақалада ғылыми зерттеудің, эксперименталды немесе аналитикалық қызметтің аралық немесе түпкілікті нәтижелері баяндалуы қажет. Мақала бұрын жарияланбаған және жаңалығы бар авторлық әзірлемелерді, қорытындыларды, ұсынымдарды қамтуы тиіс; немесе жалпы тақырыпқа байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарауға (жүйелі шолу) арналуы керек. Мақалада шетелдік зерттеушілердің ұқсас мәселелер бойынша ғылыми еңбектеріне шолулар мазмұндалуы керек, сонымен қатар «Ғылым-Наука» журналының алдыңғы шығарылымдарындағы кемінде бір мақалаға (DOI көрсетілген) сілтеме болуы тиіс;
- ӘОЖ (әмбебап ондық жіктеу) болуы тиіс;
- үш тілде (қазақ (шетелдік авторлардан басқалар үшін), орыс және ағылшын) жазылған автор(лар) туралы деректер, мақаланың атауы, аңдатпа және түйін сөздерд және әдебиеттің транслитерацияланған тізімі болуы тиіс;
- тең авторлық 3 автордан артық болмау керек;
- авторы (авторлары) қол қойған 6-8 бет көлемдік мақалалар. Көлемі 8 беттен асатын мақаланы қабылдау бас редактормен келісіледі;
- мақалада мемлекеттік құпияны қамтитын мәліметтер және «Қызметте пайдалану үшін» деген белгісі бар мәліметтер жоқ екендігі туралы автордың анықтамасы болу керек.

МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІКТЕРІНІҢ ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ:

1. Мақаланың құрылымы:
- ӘОЖ (әмбебап ондық жіктеу);
- мақаланың атауы (тақырыбы) (қалың бас әріптермен), автордың (авторлардың) толық Т.А.Ә., оның ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аффилиациясы (ұйымының атауы), елдің атауы және барлық жарияланым авторларының (оның ішінде негізгі авторын көрсете отырып) пошталық мекен-жайы, электрондық адресі қазақ (шетелдік авторлардан басқалар үшін), орыс, ағылшын тілдерінде. Егер ұйымның атауында қала көрсетілмеген болса, онда ұйымның атауынан кейін үтір арқылы қала мен елдің аты жазылады (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясы, Астана қ.). Егер мақаланы бірнеше автор дайындаған болса, олар туралы деректер мақалаға қосқан үлестерінің маңыздылығына байланысты тәртіппен көрсетіледі;
- аңдатпа қазақ (шетелдік авторлардан басқалар үшін), орыс, ағылшын тілдерінде (аңдатпада зерттеудің мәні мен қолданылған әдістері баяндалады, неғұрлым маңызды нәтижелер мен олардың маңыздылығы жинақталады, аңдатпа көлемі – 200-300 сөз);
- түйін сөздер – олар мақала мәтінін іздеуге және оның пәндік саласын анықтауға арналған (қазақ (шетелдік авторлардан басқалар үшін), орыс, ағылшын тілдерінде);
- мақала мәтіні. Мақала мәтінінің құрылымы:

кіріспе;

әдебиетке шолу;

негізгі бөлім (әдіснама, нәтижелер);

қорытынды (қорытынды және зерттеудің одан әрі перспективалары);

- әдебиеттер тізімі - мақаланы дайындау кезінде пайдаланылған ақпараттық көздер мақаланың соңында орналасады. Ақпараттық көздер оларға мақалада сілтеме жасау тәртібімен орналастырылады. Сілтемелер нөмірі мақала мәтінінде тік жақшада рәсімделеді, мысалы: [1, б. 15]. Мақалада қолданылған әдебиеттер тізімі «ГОСТ 7.1-2003. Мемлекеттік стандарт. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелеріне» сәйкес рәсімделеді. Интернет-ресурстарға сілтеме жасағанда авторы, мәтіннің тақырыбы, алынған көзі, материалдың толық электрондық мекенжайы, оның ашылған уақыты көрсетіледі. Жеке хабарламаларға, есептерге, қорғалмаған диссертацияларға және басқа да жарияланбаған материалдарға сілтеме жасауға рұқсат етілмейді;
- мақалада пайдаланылған әдебиеттің (дереккөздердің) транслитерацияланған тізімі.

2. Мақаланың соңында: «мақала бірінші рет жарияланады» деген жазба болуы керек және жазба жазылған күн мен автордың (авторлардың) қолы қойылады.

3. Суреттер (графикалық материалдар) барлық бөлшектерінің айқын көрсетілуін қамтамасыз ететін форматта анық салынған және нөмірленген, қол қойылған болуы және электрондық тасығышта ұсынылуы керек.

4. Жарияланатын мақаланың сапасын, нәтижелердің дұрыс және дұрыс мазмұндалуын қамтамасыз ету мақсатында бір жақты жасырын («соқыр») рецензиялауды қолдана отырып, мақалалар тиісті тақырып бойынша ғалымдардың немесе мамандардың рецензиялауынан өтеді. Мақалалардың авторларына рецензия жіберілмейді.

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛҒА МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

1. Автор А4 форматындағы ақ қағазға басылған екі дана қолжазбаны өзі немесе пошта арқылы хатпен тікелей бас редактордың атына жолдайды. Қолжазбадағы мәтін интервалы – 1, кітап бағдарлы; шрифті Times New Roman, биіктігі 14. Барлық ақшеттері - 2 см. Мәтін ені бойынша тасымалсыз пішімделуі тиіс, абзацтың басында шегініс - 1 см. Мақаланың тақырыбы ортасында пішімделеді. Мақала мәтінінде автоматты түрде нөмірлеу қолданылмауы тиіс. Мәтін автормен оқылып, редакциялық түзетуден өткізілуі міндетті және соңғы бетте автордың қолы қойылуы тиіс. «Word» мәтіндік редакторының форматындағы қолжазбаны электрондық пошта арқылы да жіберуге болады. Кейін автор мақаланың басып шығарылған даналарын жолдауға міндетті.

2. Редакция қажетті түзетулер мен қысқартулар жасауға, сондай-ақ, оның пікірінше, журнал талаптарына сәйкес келмейтін мақалаларды қабылдамауға құқылы. Мақала қабылданбаған жағдайда, редколлегия оның себептері бойынша пікірталасқа жол бермеу құқығын сақтайды. Ғылыми және нақты сипаттағы қателіктер, дәлсіздіктер үшін автор (авторлар) жауап береді. Редакцияға келіп түскен материалдар қайтарылмайды.

3. Редакция жариялау мерзімі бойынша өзіне міндеттеме алмайды. Материалдар олардың редакцияға түсу кезектілігі тәртібімен жарияланады. Егер материал авторға пысықтауға жіберілсе, онда қайта өңделген материалдың авторы қайтарған күн мақала келіп түскен күн болып есептеледі.

4. Қолжазбаларды («Ғылым» журналына мақала» деген белгімен) редакцияға oonirigir@qpa.edu.kz электрондық поштасына және келесі пошталық мекенжайға жолдауға болады: 110005, Қостанай қ., ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, ҒЗжРБЖҰБ. Тел.: 8 (7142) 39-02-65 (1026)

ТРЕБОВАНИЯ, ПРЕДЪЯВЛЯЕМЫЕ К СТАТЬЯМ, ПУБЛИКУЕМЫМ В МЕЖДУНАРОДНОМ НАУЧНОМ ЖУРНАЛЕ «ҒЫЛЫМ»

УСЛОВИЯ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ СТАТЬИ В ЖУРНАЛЕ:

- статья должна содержать результаты оригинальных научных исследований в области соответствующей группы специальностей «Право», ранее не опубликованных и не предназначенных к публикации в других изданиях. В научной статье должны быть изложены собственные выводы и промежуточные или окончательные результаты научного исследования, экспериментальной или аналитической деятельности. Статья должна содержать авторские разработки, выводы, рекомендации, ранее не опубликованные и обладающие новизной; или посвящена рассмотрению ранее опубликованных научных статей, связанных общей темой (систематический обзор). В содержании статьи должны быть обзоры научных трудов зарубежных исследователей по аналогичной проблеме, также ссылки не менее чем на одну статью в предыдущих выпусках журнала «Ғылым» с указанием DOI. Автор обязан сообщить редколлегии при представлении статьи и других материалов, были ли они опубликованы или представлены в иные издания;
- наличие УДК (универсальная десятичная классификация);
- данные об авторе(ах), название статьи, аннотация, ключевые слова на трех языках (казахский (кроме зарубежных авторов), русский и английский) и транслитерированный список литературы;
- соавторство предполагает не более 3-х авторов;
- рукопись статьи объемом от 6-8 стр., подписанная автором (авторами). Статьи объемом больше 8 страниц согласовываются с главным редактором;
- справка от имени автора о том, что в статье отсутствуют сведения, содержащие государственные секреты, а также сведения с грифом «Для служебного пользования».

ПОРЯДОК РАСПОЛОЖЕНИЯ СТРУКТУРНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ СТАТЬИ:

1. Структура статьи:
- УДК (универсальная десятичная классификация);
- название (заголовок) статьи (прописными буквами, полужирным шрифтом), полные Ф.И.О. автора(ов), его ученая степень, ученое звание, аффилиации (название организации), название страны, и почтовые и электронные адреса всех авторов публикаций (в том числе с указанием основного автора) на казахском (кроме зарубежных авторов), русском, английском языках. Если в названии организации явно не указан город, то через запятую после названия организации указывается город и страна (Академия правоохранительных органов при Генеральной Прокуратуре Республики Казахстан, г. Астана). Если статья подготовлена несколькими авторами, их данные указываются в порядке значимости вклада каждого автора в статью;
- аннотация на казахском (кроме зарубежных авторов), русском, английском языках (в аннотации излагаются суть и использованные методы исследования, суммируются наиболее важные результаты и их значимость, объем аннотации – 200-300 слов.);
- ключевые слова - предназначены для поиска текста статьи и определения ее предметной области (на казахском (кроме зарубежных авторов), русском, английском языках);
- текст статьи. Структура текста статьи включает в себя:

введение;

обзор литературы;

основная часть (методология, результаты);

заключение (выводы и дальнейшие перспективы исследования);

- список литературы - список использованных при подготовке статьи информационных источников располагается в конце статьи. Перечисление источников дается в порядке ссылок на них в статье. Номер ссылки в тексте статьи оформляется в квадратных скобках, например: [1, с. 15]. Список литературы оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». При ссылках на Интернет-ресурсы указывается автор, название текста, источник, полный электронный адрес материала, дата его открытия. Не разрешаются ссылки на частные сообщения, отчеты, незащищенные диссертации и другие неопубликованные материалы;
- транслитерированный список литературы (используемых источников) к статье.

2. В конце статьи должна быть запись: «статья публикуется впервые», ставится дата и подпись автора (авторов).

3. Рисунки (графический материал) должны быть выполнены четко, в формате, обеспечивающем ясность передачи всех деталей, пронумерованы, подписаны и представлены на электронном носителе.

4. Статьи проходят рецензирование учеными или специалистами по соответствующей тематике с применением слепого рецензирования с целью обеспечения качества публикуемой статьи, корректности и достоверности изложения результатов без направления рецензии авторам статей.

ПОРЯДОК ПРЕДСТАВЛЕНИЯ МАТЕРИАЛОВ В НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

1. Рукопись должна быть представлена лично или направлена по почте заказным письмом непосредственно главному редактору в двух экземплярах, распечатанных через 1 интервал на белой бумаге формата А4, ориентация книжная; шрифт Times New Roman, высота 14. Все поля – 2 см. Текст должен быть отформатирован по ширине без переносов, отступ в начале абзаца – 1 см. Заголовок статьи форматируется по центру. В тексте статьи не должна использоваться автоматическая нумерация. Текст обязательно должен быть отредактирован, вычитан автором и подписан на последней странице. Возможна пересылка по электронной почте в формате текстового редактора «Word» с последующим предоставлением распечатанных экземпляров.

2. Редакция имеет право производить необходимые правку и сокращения, а также отклонять статьи, которые, по ее мнению, не соответствуют требованиям журнала. Если статья отклонена, редколлегия сохраняет за собой право не вести дискуссию по мотивам отклонения. За ошибки, неточности научного и фактического характера ответственность несет автор (авторы). Поступившие в редакцию материалы возврату не подлежат.

3. Редакция не берет на себя обязательства по срокам публикации. Материалы печатаются в порядке очередности их поступления в редакцию. Если материал направляется автору на доработку, то датой поступления считается дата возвращения автором переработанного материала.

4. Рукописи (с пометкой «статья в Ғылым») направляются в редакцию на e-mail: ooniririr@qpa.edu.kz и по почтовому адресу: 110005, г. Костанай, пр. Абая, 11, Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, ООНИиРИР. Тел.: 8 (7142) 39-02-65 (1026)

Журналдың шығу мерзімділігі - үш айда бір рет.
«Ғылым» журналына жазылу индексі – 75383.
«Қазпошта» АҚ пошталық байланысының кез келген бөлімінде
жазылуға болады.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға келіп түскен материалдар авторға қайтарылмайды.
Тапсырылған материалдар үшін автор жауапты.
Мақала көшірмелері берілмейді, авторларға қаламақы төленбейді.
Материалдарды қайта басу кезінде журналға сілтеме жасау шарт.

*****

Периодичность выпуска журнала - один раз в три месяца.
Подписной индекс журнала «Ғылым» – 75383.
Подписку можно произвести в любом почтовом отделении
АО «Казпочта».

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции.
Рукописи авторам не возвращаются.
За достоверность предоставленных материалов
ответственность несет автор.

Оттиски статей не выдаются, гонорар авторам не выплачивается.
При перепечатке материалов ссылка на журнал обязательна.

Журнал ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінде теріліп, беттелді

Редактор:
Кайралапова Г.С.
Компьютерде беттеу: Довгань О.В.

Басуға 2025 ж. 18.12. берілді.
Пішімі 60х84$^{1}/_{8}$. Ризографиялық басылыс.
Көлемі 25 б.т. Таралымы 200 д.
2025 ж. желтоқсан № 1900

«Принт Центр» Типографиясында басылды
Қостанай қ., Бородина к., 235
Тел./факс: 8 (7142) 55-66-99
e-mail: 87142556699@mail.ru

© ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Журнал набран и сверстан в отделе организации научно-исследовательской и редакционно-издательской работы Костанайской академии МВД РК им. Ш. Кабылбаева

Редактор:
Кайралапова Г.С.
Компьютерная верстка: Довгань О.В.

Подписано в печать 18.12.2025 г.
Формат 60х84$^{1}/_{8}$. Печать ризография.
Объем 25 п.л. Тираж 200 экз.
Декабрь 2025 г. Заказ № 1900

Отпечатано в Типографии «Принт Центр»
г. Костанай, ул. Бородина, 235
Тел./факс: 8 (7142) 55-66-99
e-mail: 87142556699@mail.ru

© Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева

QAZAQSTAN RESPUBLIKASY
IShKI ISTER MINISTRLIGININ
SHYRAQBEK QABYLBAEV ATYNDAGY
QOSTANAI AKADEMIASY
QOSTANAI ACADEMY
OF THE MINISTRY OF INTERNAL AFFAIRS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NAMED AFTER SHIRAKBEK KABYLBAYEV